



www.mmg.kz

Мұнайлы АЛЖЕ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№04 (150), мамыр, 2022 жыл

28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ӨНІМДІ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

28 сәуірде жыл сайын Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні атап өтіледі. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да еңбекті қорғау күніне орай, қауіпсіз еңбек тәсілдерін насихаттау, еңбекті қорғау мәселелері бойынша дәрістер, сондай-ақ қауіпсіздік қағидаларын сақтауға арналған байқаулар жиі өткізіледі.



пайдалану цехының шебері Әділ Тоқбаевқа бұйырды. Жүлделі 3-орын мұнай айыру және өткізу цехының СТҚ операторы Руслан Жаңабегеновке берілді. «Үздік цех» ауыспалы кубогы №3 цех басшылығына табысталды. Қаламқас пен Жетібайда өткен байқау жеңімпаздары мен

Әлемді дүрліктірген індетке байланысты екі жыл қатарынан мұндай іс-шараларды ұйымдастыру мүмкін болмағанын атап өткен жөн, сондықтан биылғы жылы байқауды өткізу басшылар мен қызметкерлер арасында үлкен қызығушылық тудырды. Мұнайшылар алдағы

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы және Кәсіподақ комитеті төрағасының өкімімен, Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған байқау өтіп, арнайы құрылған комиссия еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген шеберлер мен цехтарды анықтады.

Атап айтқанда, комиссия мүшелері «қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық бақылау» бағдарламасын неғұрлым сапалы орындап, наряд-рұқсат беру мәселесінде жұмысты бұзуға жол бермеген, жұмыстың барлық түрлерінде қауіпсіз әдістерді пайдаланған цехтарға тоқталды.

4 мамырда өткен жиында «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ бастығының міндетін атқарушы Мұрат Батыршаев, қауіпсіздік техникасының жетекші инженері Марат Яшев қатысушыларға адал қызметі, қауіпсіз еңбегі үшін алғыс айтып, байқау жеңімпаздарының есімдерін жариялады.

Сонымен, 1-орын «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ, қабат қысымын ұстау цехының шебері Жайлау Бакеевке бұйырды, екінші орын «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ №3 цехтың шебері Серік Нұртаевқа берілсе, жүлделі

үшінші орынды «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ ғылыми зерттеу және өндірістік жұмыстар цехының ұңғыларды зерттеу операторы Расул Қонарбаев жеңіп алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге естелік сыйлықтар табысталып, ҚҚҰЦ басшылығына ауыспалы «Үздік цех» кубогы берілді.

Сондай-ақ, жиын барысында «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ бір топ қызметкерлеріне техникалық инспекторлардың куәлігі табысталды.

Дәл осындай шара 5 мамырда Жетібай кенорнында жалғасты. «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары Дулат Сейбағытов, «ЖМГ» ӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы Бекес Құлмұрынов, жетекші инженер Марат Яшев жиналысқа қатысушыларға адал жұмысы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы жоғары көрсеткіштері үшін алғыс айтып, байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша, 1-орынды «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының шебері Мұхтар Асқаров иеленсе, 2-орын газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын



жүлдегерлеріне естелік сыйлықтармен қатар ақшалай сыйлықтар да қарастырылған.

Бүгінгі таңда Қаламқас және Жетібай кенорындарында 41 техникалық инспектор жұмыс істейді. Негізгі жұмыстан бөлек, техникалық инспекторлар еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін қатаң сақтауды қадағалап отырады.

уақытта да осындай іс-шаралардың тұрақты түрде өтуіне тілектестік танытты. Еңбекті қорғау мәдениетін жетілдіру, жұмыстағы жазатайым оқиғаларға жол бермеу, қауіпсіздік техникасы қағидаларын мүлтіксіз сақтау «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қызметкерлерінің басым міндеттерінің бірі болмақ.

ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын нығайтуға қосқан зор үлесі үшін "Қазмұнайгаз" АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ бір топ қызметкерлеріне Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарын тапсырды.

6 мамырда "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ бас кеңсесінде өткен жиында Қайрат Сақтағанов Техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Аманқос Мұңғаловты "Қазмұнайгаз" АҚ естелік белгісімен марапаттап, оған Маңғыстау облысы әкімдігінің Алғыс хатын табыс етті.

Аталған жиында өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Бауыржан Ләтіп

Маңғыстау облысы әкімдігінің Алғыс хатымен, жетекші инженер Артур Бегман "Қазмұнайгаз" АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.

"Қазмұнайгаз" АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Департаментінің басшысы әріптестеріне лайықты жұмысы үшін алғысын білдіріп, алдағы уақытта да еңбектеріне табыс тіледі.



Компания тынысы

ӨНДІРІСТІК КЕЗДЕСУ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Орынғазыұлы Есқазиев Маңғыстауға жұмыс сапары аясында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерімен және жауапты қызметкерлерімен кездесті.

Шара барысында Қ.Есқазиев Компанияның өндірістік есебімен танысып, 2022 жылға қойылған мақсаттарына шолу жасады. Компания күн тәртібіндегі мәселелерді талқылап, кенорындардың өндірістік әлеуетін арттыру үшін қажетті

бірқатар маңызды тапсырмаларды пысықтады.

Сонымен қатар, техника қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру секілді мәселер де кездесуде назардан тыс қалмады. Төраға орынбасары бұл салада жасалып жатқан жұмыстарға да оң бағасын беріп, қызметкерлер үшін лайықты еңбек және тұрмыс жағдайын қамтамасыз ету бағытындағы қызметтер қарқынын үдете түсуге шақырды.



ҚҰНДЫ СЕМИНАР - ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Өнеркәсіптік медицинаның өзекті мәселелері, кәсіптік және өндірістік-шартты аурулардың алдын алу, өндірістік санитария Медициналық қызмет көрсету» тақырыбы аясында семинар өтті.



Семинарды «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры Қайрат Сақтағанов ашып, екі күндік семинар өзекті сауалдар мен мәселелерді мұқият талқылауға мүмкіндік беретінін атап өтіп, семинарға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аталған шараға жетекші дәрігерлер, медициналық сарапшылар, мұнай-газ өндіруші компаниялардың емдеу-алдын алу орталықтарының өкілдері қатысты. Кездесуге қатысушылар ЕТҰ кәсіпорындарындағы өнеркәсіптік медицинаның қазіргі жай-күйімен танысып, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар

тобында міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруді ұйымдастыру бойынша корпоративтік стандарт жобасын талқылады, сондай-ақ басқа да көптеген мәселелерді назардан тыс қалдырмауға тырысты.

Семинар қорытындысы бойынша медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстар айтылды. Өз кезегінде қатысушылар бүгінгі семинарды ұйымдастырушыларға алғыс айтып, оның қордаланған мәселелерді талқылау мен тәжірибе алмасу үшін тиімді алаңға айналғанына тапөтті.

МӘРТЕБЕЛІ МАРАПАТ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Геология және барлау департаментінің директоры Күләш Рахатова Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің жоғары марапатына ие болды.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов апталық планерлық отырыста геологиялық барлауды дамытуға қосқан зор үлесі үшін министрліктің "Жер қойнауын барлаудың үздігі" төсбелгісін табыс етіп, алдағы ісіне сәттілік тіледі.

Күләш Рахатова мәртебелі марапат үшін алғыс айтып, Қазақстанның геологиялық саласын одан әрі дамыту үшін бар күш-жігері мен білімін жұмсайтынына тапөтті.



ОЗНАКОМИТЕЛЬНЫЙ ВИЗИТ

25-26 апреля в Актау прошла встреча представителей российских предприятий – производителей нефтегазового оборудования с казахстанскими коллегами. Мероприятие было направлено на развитие и расширение взаимовыгодного научно-технического сотрудничества и промышленной кооперации в области разработки и внедрения передовых технологий.



В рамках форума 25 апреля российские специалисты посетили месторождение Жетыбай. В частности гости ознакомились с производственным процессом цеха подготовки и перекачки нефти, посетили БКНС-2 ЦППД, а также побывали на групповой установке 25 и МКС-27 ЦПТГиЭХГ.

В заключении для российских специалистов была организована экскурсия в Музей трудовой славы, где они ознакомились с историей

месторождения Жетыбай и смогли воочию увидеть уникальные экспонаты.


На следующий день в Актау состоялся «круглый стол» на тему: «Развитие научно-технического сотрудничества и промышленной кооперации в области передовых нефтегазовых технологий», в рамках которого представители Казахстана и России поделились опытом и рассказали о своих достижениях в данной области.



Подразделения сообщают

ПЕРВЫЙ ШАГ БОЛЬШОГО ПУТИ

Повышение экономической эффективности предприятия невозможно без модернизации производства и технического перевооружения. В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» примером успешной модернизации производства можно смело назвать реконструкцию цеха подготовки и перекачки нефти (ЦППН) на месторождении Жетыбай. Один из самых масштабных проектов последних лет благополучно преодолел первый этап.



Цех подготовки и перекачки нефти – один из ключевых производственных объектов предприятия. Сюда по трубопроводам поступает вся продукция, добытая со скважин месторождения Жетыбай. В состав ЦППН входят: концевая сепарационная установка, печи подогрева нефти, группа отстойников, резервуарный парк и др.

ЦППН на месторождении Жетыбай был введен в эксплуатацию в 1976 году. На сегодняшний день применяемые технологии 1970-1980 годов морально устарели, в связи с чем возникла необходимость усовершенствовать и модернизировать производство. В 2002-2005 и 2007-2010 годах в ЦППН был произведен монтаж

дополнительного оборудования по подготовке и сдаче нефти (РВС, печи, насосы и др.), однако капитальная модернизация не производилась.

Для решения данной проблемы еще в 2011 году была начата разработка проекта по реконструкции ЦППН. В 2014 году институтом АО «КазНИПИ мунайгаз» совместно с Дацинским институтом (КНР) был разработан предварительный проект реконструкции ЦППН. Однако, затем в силу различных обстоятельств, работы были приостановлены.

В 2018 году интерес к проекту возобновился, вследствие чего разработка ПСД по данному объекту была продолжена и успешно завершена силами ТОО «КазНИПИ мунайгаз»: в 2019 году получено положительное заключение Госэкспертизы.

В течение 2020 года на площадке ЦППН активно велись подготовительные и строительно-монтажные работы: в частности демонтаж воздушных линий электропередач, перенос кабельной эстакады для электроснабжения существ-

ующих печей подогрева, подготовка площадки для строящихся объектов, разработка грунта и устройство фундамента, и многое другое.

В 2021 году в целях улучшения качества подготовки и перекачки товарной нефти, сдаваемой в систему АО «КазТрансОйл», проект «Реконструкция ЦППН месторождения Жетыбай» был скорректирован, с разделением проектируемых сооружений 1-го этапа на два пусковых комплекса и перво-очередным вводом в эксплуатацию отстойников ОГ-200 в количестве трех единиц.

На сегодняшний день в рамках проекта реконструкции ЦППН, полностью завершено строительство первого пускового комплекса: в частности произведен монтаж площадки трех горизонтальных отстойников (ОГ – 200м³), монтаж отстойника шлама, монтаж внутриплощадочных и межплощадочных стальных трубопроводов, монтаж задвижек, кабельной эстакады, монтаж печей подогрева нефти, система авто-матизации и др.

– Прделана колоссальная работа, и мы ожидаем, что эффект будет соответствующий, в настоящее время объемы добычи жидкости на ЦППН составляют более 25 000м³/сутки, реконструкция позволит увеличить производительность

объекта до 42 000м³/сутки, – говорит заместитель директора департамента капитального строительства АО «Мангистаумунайгаз» Кажымухан Жоланбаев. – Кроме того, модернизация ЦППН позволит улучшить качество подготовки и сдачи нефти, снизить риск остановки добычи и сдачи нефти, сформирует резерв производства. Пользуясь случаем хотелось бы от чистого сердца поблагодарить своих коллег из ДКС, ПД, ДАИТиС и других департаментов, руководство и специалистов ПУ «Жетыбай-мунайгаз», работников подрядных организаций за самоотверженный и слаженный труд. Совместными усилиями нам удалось проделать немалую работу, но впереди перед нами стоят еще большие задачи: необходимо будет качественно и в срок запустить пусковой комплекс № 2 и таким образом, полностью завершить проект реконструкции ЦППН месторождения Жетыбай.

В рамках строительства второго пускового комплекса, планируется до конца 2023 года смонтировать еще два горизонтальных отстойника, дренажные емкости, новые модули подстанций, узел учета нефти, блок улавливания механических примесей, теплообменник, электродегидратор, блочно-насосную станцию, завершить новый административно-бытовой корпус.

ЕСТЬ ИДЕЯ!

Современные реалии, так или иначе «подталкивают» предприятия к освоению новых техник и технологий. Применение современных технологий позволяет оптимизировать рабочий процесс и повышает эффективность производства. Какие новшества планируется внедрить в АО «Мангистаумунайгаз» в 2022 году, а какие уже прошли испытания и успешно функционируют, рассказывает начальник отдела новых технологий производственного департамента Калмурза Буркитов.

– В 2021 году успешно завершено опытно-промышленное испытание (ОПИ) защитного покрытия от коррозии труб Ø325 мм в условиях системы ППД месторождения Каламкас. Основной целью ОПИ является увеличение срока службы высоконапорных трубопроводов Ø325x12 мм в системе ППД путём замены металлических труб на трубы с защитным покрытием от коррозии. Тем самым сокращаются простои, возникающие из-за коррозии стальных трубопроводов, аварийные ремонты, которые создают перебои в технологическом процессе, нарушая режим поддержания пластового давления.

Кроме того, успешно проведено опытно-промышленное испытание стеклопластиковых труб Ø200мм, высокого давления Р=10 МПа для системы ППД месторождения Каламкас.

На месторождении Жетыбай закончено опытно-промышленное испытание стеклопластиковых труб Ø100мм, высокого давления Р=20 МПа для системы ППД.

Стоит отметить, что результаты всех ОПИ были рассмотрены на научно-техническом совете (НТС) АО «Мангистаумунайгаз», НТС АО «НК «КазМунайГаз», они были признаны успешными и рекомендованы для промышленного применения.

Что касается планов на 2022 год, то у нас запланировано опытно-промышленное испытание по внедрению мультифазных насосных установок (МФНУ) на высокодебитные групповые установки месторождения Каламкас. Существующей проблемой является то, что на высокодебитных групповых установках из-за ограниченности по производительности существующих насосов (НБ-125-8) постоянно происходят аварийные



ситуации при остановке одного из насосов. И вот для предотвращения аварийных ситуаций и оптимизации работы насосов планируется внедрить мультифазные насосные установки с большой производительностью. Основной целью проведения ОПИ является определение работоспособности, энергоэффективности и эксплуатационной надежности МФНУ. Ожидаемые результаты от внедрения данной технологии: увеличение межремонтного промежутка насосов, возможность регулирования рабочих параметров насосов, низкое энергопотребление и сокращение расходов на техническое обслуживание.

Кроме того, в текущем году запланировано опытно-промышленное испытание по внедрению услуги

инспекция насосно-компрессорных труб (НКТ) и штанг при проведении планового ремонта скважин на 10 добывающих скважинах месторождения Каламкас. Проблема в том, что на месторождении Каламкас отсутствует дефектоскопия и ремонт подземного оборудования. Основной целью проведения ОПИ является проверка возможности работы и оценка эффективности использования бесконтактной системы инспекции НКТ и штанг непосредственно при спуско-подъемных операциях на добывающих скважинах. Если все пройдет успешно, то появится возможность мгновенной отбраковки НКТ и штанг, сократится время на чистку, опрессовку со спецтехникой, увеличится межремонтный период добывающих скважин.



ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Он үшінде шаруаға жегіліп, бесіктен белі шықпай жатып сол жылдардың ауыртпалығын арқалаған қырқыншы жылдардың перзенттері бүгінде ақсақал жасында. Олардың соңы сексеннің сеңгірінен асса, алды жүздің төріне таяп, қатарлары сиреді.

Бүгінгі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ есебінде 34 тыл ардагері бар. Қастерлі мерекеге орай, сұрапыл соғыс жылдарында бел жазбай еңбек етіп, қиямет-қайым қиындықтарды жеңе білген тыл еңбеккерлерінің үйіне арнайы барып, мерейлі мерекесімен құттықтадық. Біз барған сапар Мұшахан Алапанов ақсақалдың туған күніне тура келді. Компания Басқармасының атынан қазақы дәстүрге сай шапан жауып, ақсақалдың ақбатасын алдық.

Соғыс қасіретін өз көзімен көрген ардагер ұрпағының бейбіт күнде өмір кешіп жатқанына разы. Соғыс жылдары тұрмыстың тым ауыр болғанын, небәрі 10 жасында шаруашылықтың жұмысына араласқанын еске алды. Өз кезегінде тыл еңбеккері көпке ізгі тілегін айтты.

– Осылай құрмет көрсетіп келгендеріңізге риза боп отырмын. Компанияға рақмет. Әлемде соғыс болмасын, – деді Мұшаханға.



отырған қазыналы қария. Үлкен бір әулеттің абыройлы Абыздары. Немере сүйіп, шөберелерінің ортасында шаттыққа бөленіп отырған жайы бар. Отан алдындағы парызын адал атқарған жандар бүгінгі ұрпаққа өсиетін айтып, жылы лебізін білдірді.

Осы уақытқа дейін соғыс жылдарында еңбек еттік, жұпыны өмірді де, жоқшылықты да көрдік. Қара жұмысқа жегілсек те, саналы ғұмырымызды бүгінгі толқынның болашағына сарп еттік. Қазір соның арқасында Құдайға тәуба, өсіп-өндік. Ұрпақ сүйдік. Кемпіріміз екеуміз балаларымыздың ортасында бақытты сәттерді бастан кешіп жатқан жайымыз бар, – дейді ардагер Хамза Бүркітұлы.

«Тылдағы еңбек болмаса, майданда жеңіс те болмас еді». Расында Ұлы Жеңісті жақындатуда сол заманның ұрпақтарының қосқан үлесі зор. Біз өз кезегімізде қастерлі мерекеде ардагерлеріміздің жанынан табылғанымызға бек қуаныштымыз.

Атаулы күнде құрмет көрсетілгендердің қатарында тыл ардагері Хамза Бүркітұлы, Ноғай Түрікпенбаев, Бөлекбай Нахуов, мұнай көзін алғаш ашқан геолог Әділ Нұрманов, Жолдас Тоқжанов та бар. Ел басына күн туған шақта нардың жүгін арқалаған балалар бүгінде бейнеттің зейнетін көріп



Тылдағы ерлік

ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІНЕН ТАҒЫЛЫМ



Жеңістің 77-көктемі биыл да майдангерлерсіз келді. Келместің кемесіне мінген ардагер аталарымыз Тәуелсіздікті бізге аманаттап, жер бетінде адамзат баласы қанды соғыстың қасыретін көрмей, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбіт заманда өмір сүрсін деген тілекпен өмірден өтті. Арттарында тағылым, тәрбие, өнеге қалды. Мамырдың тоғызы келген сайын көзі тірі ардагерді көрсем қуанам. Олардағы рух, азаматтық парыз, батырлық... бүгіннің баласына одан артық не үлгі керек?!

Жанмен, қанмен, көздің жасымен, маңдайдың терімен келген тыныштыққа, бейбіт күнге ғұмырын арнаған жандардың бірі – Мұшахан Алапанов ақсақал 90 жаста. Бір ғасырға татитын бір ғұмырдың иесі.

Отбасында осындай тауқыметпен өскен 8 баланың төртеуі ер бала болса, Мұшахан ең кенжесі еді. Үш ағасы соғысқа аттанды. Кейін екі ағасы соғыстан аман-есен оралғанымен, үйдің үлкені хабар-ошарсыз кетті.

«Сайын ауылында 10 шақты үй бар-тұғын. Тазы салып, түлкі аулады. Түлкінің, тышқанның терісін үкіметке өткізесің. Елде жұмыс күші өте аз. Еңбекке жегілген 6-18 жас аралығындағы кілең балалар не 50-ден асқан қартаң кісілер еді. Бірақ, заман солай, кәрі-жасым, ер-әйел, бәрі жұмылып жұмыс істеді»- дейді ол.

Мұшахан 1950 жылы әскер қатарына шақырылады. Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін елге оралып, 1969 жылы жаңа құрыла бастаған ПТУ кеңсесінде байланыс бөліміне жұмысқа орналасады. СМУ-2 мекемесінде диспетчер болып ұзақ жылдар табанды еңбек

етіп, 1992 жылы зейнетке шығады. Еңбек жылдарында пошта бөлімінің бастығы, байланыс бөлімінің бастығы болып қызмет істеді.

Сәби санасына салмақ салып, тағдыр жолында ауыр із қалдырған сол бір сұм соғыстың келбеті, жарытусыз тамақ, жүдеу тұрмыс бала Мұшаханды ерте есейтсе де, жігерін құм ете алмады. Бүгінде 90 жасын үлкен әулеттің абызы балалары мен немерлерінің ортасында қарсы алуда. «Ел мен жердің іргесін сөкпей, бейбітшіліктің қадірін шын ұғынатын ұрпақтан болыңдар, айналайын» деген үлкен жүрекпен айтылған осынау сөз көңіліміздің жайлауына көктем қонғандай күй кештірді. Ғасырға жуық ғұмырын тұтас елдің, бүгінгі ұрпақтың несібесін түгендеуге арнаған Мұшахан ағалар аман болғай!

«Майдан, тыл деген жай ғана аты. Әйтпесе, бірі мылтықты, бірі мылтықсыз жанкешті шайқас болатын. Шынын да оқтың азабынан, жоқтың азабы кем соқпағанына куәміз. Жеңіс күнін ауылдың кәрі-жасымен бірге ботадай боздап тұрып қарсы алдық қой»,- Соғыс басталған кезде 9 жастағы баламын. Колхоздың қара жұмысына жегіліп, қысқы мал азығын дайындап, шөп шаптық, әке-ағаларыма көмектесіп балық ауладым. Майдангерлерге арнап жүн түтіп, қолғақ-шұлық тоқыдық. Қолдағы малдың сүтін сауып, май, құрт, ірімшік жасап ауданға жібереміз. Әкемді Қызыл армияны Каспийдің балығымен қамтамасыз етуші, әскердің азық-түлігін дайындайтын тылдағы морской дивизион деп аталатын арнайы құрама санатына жатқызып, броньмен қалдырды», - деп еске алады Мұшахан ақсақал.

Зұлматты заманда ауыл ішінде сұм соғысты бастаған фашизмге қарсылық бала жүрегінде мәңгіге сақталғандай.

«Германия, Гитлер,
Отқа басың үйтілер.
Отправка қойылар,

Ақ тайлағым сойылар, - деген өлең жолдары болатын. Майданға кеткен аға-әкелерін сағынған балалар соны жиі айтатын», - деп еске алады.



ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Еңбек және тыл ардагері Хамза Аязбаев соғыс басталған кезде небәрі 6 жастағы бала еді. Балалық шағы сұрапыл заманмен қатар өрілсе де, ажарлы, базарлы шақтардың куәсі болды. Жар сүйіп, жапырағын кеңге жайды. Алла амандық берсе, 90 жастың төбесі көрінгелі тұр.

- Біз ерте есейдік. Жертөледе тұрдық. Әкеміз күн демей, түн демей еңбек еткенімен, тойып ас ішпедік, азық-түлік талонмен берілді. Қазіргі жастарға ертегідей болар, біз сол кезде 10 жасымыздан еңбекке араластық. Әкем Қабидолла Аязбаев 1936 жылы жұмысшылар факультеті ашылып, бұрғылаушы болып шыққан. Броньмен елде қалып, мұнай өндірісінде еңбек етті. Мұнайшы болды, бұрғылаушы, кейіннен шебер болып істеді. Сол кісілерге, өндіріс орындарына біз - балалар азық-түлік, керек-жарақтарын тасыдық. Бір арбада екі баладан күніне екі рет қатынаймыз. Әкеден біраз ұрпақ бар едік, қиын-қыстау заманда аман-сау өскен екеу ғанамыз - апам және мен. Апам жастай тұрмыс құрып кетті. Мен әке-шешеге қарайлап оқуды аяқтай сала жұмыс істедім. Еңбекпен есейе келе білімімізді жетілдіріп, оқып алдық. Өзім Атыраудағы политехникумда геофизика мамандығын бітірдім, - дейді Хамза ақсақал.

Ардагер бүгінгі мұнай-газ өндірісінің жұмысы сол кезеңдегі жағдаймен салыстыруға келмейтінін, заманның түзеліп, тұрмыстың түлеп, жақсара түскеніне қуанатынын жасырмады. «Қазір барлық дүние жаңарып, автоматты жүйеге көшті. Біз ол заманда иығымызда 20-30 кг сөмкемізбен жүретін едік. Кілт, балға, құрал-сайманның бәрін арқалап жүріп жұмыс істедік. Біздің заманның жастары өте еңбекқор болды. Вагондарда тұрдық. Мезгілсіз-мекенсіз жұмысқа шақырады. Қиыншылыққа мойымадық. Кейінгі ұрпақ осы өткен тарихты, аға буынды біліп жүрсе, ұмытпаса екен дейміз. Ең бастысы, ұрпақтарымыз аман, еліміз тыныш болса болғаны», - дейді ол.

Хамза Аязбаев осынау ғибратты ғұмырындағы 42 жыл еңбек жолының 36 жылын мұнай өндірісіне арнаған.

- 1954 жылдан бастап жұмысқа кірісіп, мұнай өндірісінде оператор болып істедім. «Ембімұнай» мекемесінде инженер, учаске бастығы болдым, кейіннен Кеңқияққа жіберді. Онда учаске бастығы болып қызмет еттім. Ол кезде Кеңестік заман, қайда жолдама, тапсырма беріледі, сонда жол тартамыз. «Маңғыстауға «Ембі-мұнайдан, Бакуден, жан-жақтан мамандарды тартып жатыр» деп жолдама беріп, осында келіп, инженер болып істедім. Ол кезде кадрлар аз болды. Жұмыс, қызмет таңдап жатпадық, қай жұмысты да жауапкершілікпен атқаруға күш салдық. ПАТП-6 көлік паркі бастығының орынбасары, кейіннен денсаулығыма байланысты өз мамандығыма ауысып, Жетібайда мұнай саласында еңбек етіп, 55 жасында зейнетке шықтым. Қазір жағдайымыз, Аллаға шүкір, жақсы. Бұрындары тыл және еңбек ардагері ретінде жеңілдіктеріміз жетерліктей еді. Біздің арқа сүйейтін негізгі тіренішіміз «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы ғой. Мерекелерде көптеп көмек көрсететін, демалыс орындарына жолдама берілетін. Бізге қазір тек бір жылда мұнайшылар күні және Жеңіс күні сый-сияпат жасап жатады. Әйтеуір, Алла Тағала ырысымызды кемітпесін деп тілейміз, - дейді ардагер.

Хамза ақсақалдың жұбайы Рая Аязбаева да «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінде 25 жыл химиялық зертханада табандап еңбек етіп, зейнетке шыққан, көпбалалы ана. Жұбайы екеуі алты бала - екі ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде балаларының бәрі өз қалауларымен оқу оқып, отбасын құрып, аяқтанған.



- Осы балаларымнан алты немере, екі шөбере сүйіп отырмын. Өзімді бақыттымын деп есептеймін. Шаңырақ құрдық, ұрпақ сүйдік, өстік, өндік. Жұбайыммен бір ғұмыр кешіп келе жатқанымызға 55 жылдай болды. Бұл біреуде болса, біреуге беріле бермеген нығмет. Алла Тағала елімізге амандық, жастарға бақыт, денсаулық, абырой, табыс берсін. Халқыма бар жақсылықты, игілікті тілеймін, - деп ізгі ниет, ақ батасын аямаған Хамза ағаға риза болдық.

ЖАННАТ КЕМАЛ

Еңбек адамы

«СҰЛУЛЫҚТЫ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗБЕН ЖАСАДЫҚ»

Мұнайлы өлкенің қазыналы қазанын қайнатып, өңір экономикасын өркендетуге бір кісідей үлес қосып жүрген Оразбибі Оразғалиева әуел бастан-ақ осы салаға бет бұрып, ата-анасының ақ батасын алған жан. Оразбибінің мұнайшы болуын анасы қалаған екен. Анасының ақыл-кеңесі мен тілек-ниеті жеткізді ме, ол бүгінде өндірісте өнімді еңбек етіп жүрген майталман мұнайшы.

Оразбибі Оразғалиева 1969 жылы Жетібай кентінде туып өсті. Орта мектепті 1986 жылы тәмамдап, Өзен техникумына оқуға түседі. Анасы өзі сынды талдырмаш қыздардың ауыр жұмыстарды еңсеріп жүргенін көріп таңырқап, өз қызының да осы мұнай саласында қызмет еткенін жөн көрген екен.

– «Сония деген кішкентай қыз бар, үнемі темір-терсек арқалап жүреді. Көп ақша табады» дейтін. «Мама, мен де көп ақша тауып сізді бағамын» дейтінмін. Анамның көзі тірі, қазір 84 жаста, - дейді Оразбибі Әлібайқызы.

Оқуын ойдағыдай аяқтаған соң ол 1989 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына жұмысқа орналасты. Жұмысқа алғаш қосылған кезде жол сілтеп, бағыт-бағдар берген Сағидолла Бижанов сынды басшыларын әлі күнге құрметпен еске алады. Жылдар өте тәжірибе жинап, ысылған маман 2001 жылы газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехына ауысады.

– Газ цехында Жаңабержен Аманжолов деген бастық болды. Жасыратыны жоқ, тәжірибеміз аз, көп жұмысты шеберлер үйретті. Газдың қалай келіп, қалай тасымалданатынын тәптіштеп түсіндірді. Цех біз келгенде кішкентай еді, түнгі ауысымда қорқақсоқтап қалатын едік. Бүгінде Әлия Жылқыбаева, Райхан Ұзақбайқызы секілді әріптестеріммен қоян-қолтық жұмыс жасап келеміз. Ұжыммыз – ұйымшыл. Ұңғымалар арқылы келген газды буферлік қазандықтарға жинаймыз. Сүзгіш сепараторлар арқылы майын, суын бөліп, ілеспе таза газды газ өңдеу зауытына жібереміз.



Артық конденсат, су, майын үрлеп арнайы дренажбен сыртқа шығарамыз. Қырыққа жуық адам жұмыс істейтін цехта кілең қыз-келіншекпіз, - дейді еңбек адамы.

Оразбибі апа – еңбектің ешбірінен бас тартпайтын қайсар жан. Ол басқармада бағбан да, балабақшада тәрбиеші де болған екен. «Жастықтың жалыны шығар, кез-келген жұмысты жатырқамай істедік. Қолымда ата-енем болды, үлкен әулетке келін болдым. Шаршау дегенді білмейтін едік», - дейді ол.

Осы өндіріске алғаш келгенде, жан-жағы топырақ үйіліп, қараусыз қалған жер еді деп еске алады. Әйелі бар үйдің түтіні түзу шығатыны, әйел жүрген жердің бірлігі бекем, әйелдің қолы тиген жердің жердің әсем болатыны рас қой. Аздаған уақыт ішінде өндірістің де өңін кіргізген осы қыз-келіншектер екен.

– Ескі вагондарда түнедік. Сыры кеткен әппақ шәугін көз алдымда. Өңі кетіп, мүжілген жұпынылау шкафтар болды. Әдемілікті өз қолымызбен жасадық. Трактор шақыртып топырақты жинатып, айналасын айнадай қылдық. Кейін алма ағаштарын сатып алып, егіп, мейлінше күтіп-баптадық. Көп күттірмей, роза гүлдері жайқалып цехқа келген кез-келген жанның назарын аударатын болды.

Сортаңға шыққан бұл жердің гүлі де әсем, жемісі де бал татиды.

– Өндіріске келдік те, ауыр жұмысқа топ ете қалдық. Қыста қазандықтар қатқанда көресіні сонда көретінбіз. Жылжымалы бу түзеуші машиналардың сорғы шлангілеріне әліміз келмей, әбігер болған күндер де өтті ғой. Жыларман болсаң да, өндіріс өмірі қақ-соқты көтермейді. Бір сәт бала-шағаның несібесі, отбасының бақатты тұрмысын ойласаң өжет тірлікке өршелене ұмтыласың, - дейді еңбек адамы.

Газ цехы тәжірибемен қатар, қатаң тәртіпті талап етеді. Қауіпсіздік техникасынан қателік жіберуге болмайтыны белгілі. Оразбибі апа әрдайым жауапкершілік жоқ жерде жұмыс жүрмейді деп біледі.

– Алдымен жұмысқа деген ынтықыласың болса, кез-келген қиындықты жымиып жүріп еңсересің. Екінші отбасымдай, екінші шаңырағымдай болған жұмысымды жанымдай жақсы көремін. Жолдасым өмірден озса да, төрт құбыламды түгендеген төрт ұлыммен, келіндеріммен, немерелеріммен өмірім ғажапқа, қуанышқа толы. Бақытты анамын, - деген жанға жақсылық тілеп қоштастық.



МАҚТАУҒА ЛАЙЫҚ МАМАНДЫҚ

Күні бойы зауытта дарылдаған станоктың басында тұрып, зырылдап жатқан белтемірді жону оңай жұмыс емес. Жоңқаның бірі – сәл қалың, бірі – сәл жұқа болып кетсе өнім сапасыз шықты дей бер. Осындай машақаты көп мамандықты игеруге ерік-жігер керек. Алайда «үздік токарь» деген атты абыроймен арқалап жүрген жанның бірі - Махамбет Баймағанбетов. Ол бұл салада 40 жыл аянбай еңбек етіп келеді.



«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты Механикалық цехтың жұмысы қашанда қауырт. Мұнда 20-ға жуық станок бар. Қыру, тесу, жону, кесу секілді операцияларды орындайтын

техниканың тілін тапқан токарьлар тікесінен тік тұрып 12 сағат бойы өндірісті қажетті құралдармен қамтамасыз етіп келеді. Бірі качалканың бұрандасын, бірі болт-гайкалардың өлшемдерін дәлдікпен

кесу қамымен жүр. 60 жуық маман жұмылдырылған ұжымның ауызбіршілігі қандай? Білгенімен бөліседі, білмегенін үйретеді.

– Махамбетпен біраз жылдардан бері әріптеспіз. Ісіне тиянақты, жауапты маман. Жастар жағы қаумалап үнемі Махамбеттің қасында жүреді. Сондағысы, білікті ұстаздан ілім үйрену деп білем, - дейді цех бастығының орынбасары Оразбай Құдайбергенов.

– Токарь мамандығы қазақ үшін таңсық емес. Кезінде ата-бабаларымыз темірден түйін түйген деп айтпаушы ма еді ұсталарды?! Қолының ебі бар шебер қай кезде де қат. Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың қатарында токарь, ағаш ұстасы, фрезерші сынды мамандар аса сұранысқа ие. Сондықтан да жастар осы кәсіпті таңдауы тиіс, - дейді аға маман.

Бүгінде Махамбеттің еңбегінен тапқан марапаты да мол. «Қазақстан мұнайына-120 жыл», «Маңғыстау мұнайына-55 жыл» төсбелгісі талай рет



тәжірибелі токардың мерейін үстем еткені бар. Алла амандық берсе Махамбет ағаға 4-5 айдан кейін құрметті еңбек демалысының төбесі көрінгелі тұр.

– Еңбегімнің зейнетін көріп, 5 баламнан тараған немерелерімнің ортасында ажарлы, базарлы шақтарды бастан кешсек пе деймін. Атам да, әкем де мұнайшы болған жандар. Солардың ізін қуып, Атыраудан Маңғыстауға «мұнайшы болам» деп келдік. Мұратым да, мақсатым да орындалды, - дейді Махамбет Баймағанбетов.

ЖАННАТ КЕМАЛ

Рухани тыныс

ҒАСЫРЛАРДАН СЫР ШЕРТКЕН

Киелі Маңғыстау жерінде орналасқан түбектің ең қадірлі де қасиетті орны, атақты қорым – Сисем ата қорымы. Алты ғасырға жуық кезеңді қамтитын (13-19ғғ) Сисем ата қорымы – ірі тарихи-архитектуралық кешен болып саналады. 1982 жылдан бері республикалық дәрежеде мемлекет қамқорлығына алынған. Қорымда 1,5 мыңға жуық нысан бар. Олардың 25 күмбез там, 100 астамы сағанатам мен сандықтас, 500 жуығы қойтас пен құлпытас.



Мұнда ерте ғасырлардан сыр шерткен сәулет өнерінің ең шебер үлгілерін көруге болады. Қазір Сисем ата қорымы зиярат ететін орынға айналды. Мұнда жаздың аптап ыстығы мен қыстың ызғарына қарамастан Қазақстандықтар ғана емес, шетелден келетіндер де бар.

Осынау құнды жәдігер, мәдени һәм тарихи ескерткіштің аманаты «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ мұнайшыларының мойнында. Әуелде ерікті қызмет ретінде басталған күтіп-ұстау жұмыстары кейін Маңғыстау облысы мәслихатының шешімімен ресми бекітіліп, Сисем ата қорымы аумағы маңғыстаумұнайгаздықтардың қамқорлығына өтті.

Содан бері жылына бірнеше рет, әсіресе көктем-күз маусымдарында Компания қызметкерлері Қорым аумағында тазалық және әрлеу жұмыстарын жүргізіп, сәуір-мамыр айларында дала өртінің алдын алу үшін қураған шөптен тазалап, түнеухана ғимаратын ағымдағы жөндеуден өткізіп, зияраттап келушілерді отынмен, сумен қамтамасыз етуді дәстүрге айналдырған.

Өткен аптада, сәуірдің 19-23 күндері аралығында, осы үрдіс бойынша Компаниямыздың Қаламқас және Жетібай

кенорындары мұнайшыларының бастамасымен кезекті тазалық шарасы өтті. Арнайы техника жеткізіліп,



санитарлық тазалық жұмыстарынан бөлек, Қорым аумағына көшеттер отырғызылып, жоңышқа тұқымы шашылды. Түнеухана жанындағы құдығы суға толтырылып, әрлеу жұмыстары жасалды. Бұрнағы жылдары қорымның қоршаулары жаңартылып, белгілері қалпына келтірілген болатын.

Сисем-ата қорымы – өлкені мекендеген көшпелілердің салт-дәстүрлері, діни дүниесі

әлеуметтік хал-ахуалының нақты куәлігі... Көшпелілер өз тарихын хатқа сенбей, тасқа сеніп қалдырғандай» деген сөздер бар. Расында да ескерткіштерге үңіліп қарар болсақ, ғасырлар қойнауында қалған біраз сырды ұғынуға болады. Бұл нысанның да басты құндылығы сонда. Келер ұрпақ тамырынан айрылып қалмау үшін осы секілді жәдігерлердің шашауын шығармай келесі ұрпаққа аманаттап кету ұлт парыз. Ендеше, мұнайшы ерлердің ерікті түрде жасап жатқан осынау еңбегін ресми ишара деп қана емес, азаматтық әрі перзенттік борыштың өтеуі деп айтуға толық негіз бар.

танымдары мен әлеуметтік-саяси даму үрдістерінен деректі мағлұмат беретін құнды ескерткіш. Тіпті қорым халық арасында «Адайлар пантеоны» деп те аталады. Себебі мұнда Адай тайпасының Тіней Есекмерген, Құнанорыс Лабақ, Кенже Ер Қонай, Есен Сейіт, Бәйімбет Әнет, Ер Төлеп сынды небір асылдары мен ардақты азаматтары жерленген. Қорымның тарихы тым ертеден басталады. Адайларды осы өңірге алғаш орналастырушы жолбасшылардың, батырлардың, билердің, бай-мырзалардың бейіттері де осы қорымда.

Заманымыздың заңғары Әбіш Кекілбайұлының Маңғыстаудағы ескі қорымдар туралы айтқан бір пікірінде «Зираттар – әрі шекаралық белгі, әрі марқұмның өзі мен әулетінің



Театр деген бір тылсым...

МҰНАЙШЫЛАР ҰЖЫМЫ ТЕАТРҒА БАРДЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің ұжыммен театрға бару шарасы үш күнге жалғасады. Кеше Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театрында өткен алғашқы сеансқа «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымы келіп, «Қос жебе» спектаклін тамашалады.

– «Қос жебе» қойылымына халық өте көп келеді. «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы 3 спектакльге тапсырыс беріп отыр. Соның алғашқысы «Қос жебе» спектакльді компания ұжымына ұсынғалы тұрмыз. Спектакльге келуші мұнайшылардың қатары өте көп. Мұнайшылар өндіріспен айналысып, еліміздің экономикасын көтерумен қатар руханиятын да дамытуға көңіл бөліп

отырғаны қуантады. Ұлттық өнерге қолдау көрсетіп отыр. Ұрпаққа жақсы тәрбие беру үшін бұл өте маңызды дүние. Мұхтар Әуезов атамыз: «Театр деген бос ермек, орынсыз күлкінің орны емес. Ол – ақыл мен санаға нәр беретін орын» дейді. Адам өзі рухани бай болса өзінен кейінгі ұрпағы, айналасы рухани бай болады. Ендеше сіздер де рухани бай болыңыздар, мұнайымыз көп болсын, өнеріміз үстем



болсын, - дейді Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театры директорының орынбасары Тоқтамұрат Тілеу.

«Қос жебе» қойылымы көпшіліктің көңілінен шығып, мұнайшылар спектакльді соңына дейін тамашалады. Ерекше көңіл-күй сыйлаған театр ұжымына алғыс айтып, құрмет-қошемет көрсетті.

– Бүгінгі спектакль өте жақсы, ұнады. Осынау игілікті шараға «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының демеушілігімен келіп жатырмыз. Өте қуаныштымыз. Көп-көп рақмет айтамыз. Спектакльден жақсы әсер алдық. Болашақта осындай шаралар тағы да болып тұрса деген тілек бар. Дән ризамыз, - деді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ операторы Айтбек Абдуллаев.

– Өте тамаша спектакль өтті. Үлкен қызығушылықпен бастан аяқ көріп

шықтық. Менің жолдасым «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында жұмыс істейді. Бүгінгі спектакльге немереміз екеуміз келдік. «Қос жебе» спектакльді өте тамаша қойылым болды. Үлкен ой салды. Көптен бері осындай рухани демалыс қажет болып жүр еді. Ендігі уақытта осындай рухани шараларға көңіл бөліп, жиірек келіп тұрсақ дейміз. Спектакльге тумаластарымыз да келді, оларға да қатты ұнады, - деді Теңге Байбозқызы.

Н.Жантөрин атындағы музыкалық-драма театрында сахналанатын келесі спектакльді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қызметкерлері тамашалайды. Театр әртістері көрермен санасын серпілтіп, руханиятын молайтатын қойылымдар ұсынбақниетте.



Зияткерлер ордасы

БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында "Брейн-ринг" интеллектуалдық ойыны өтті. Аталған сайысқа №1,2,3 мұнай және газ өндіру, мұнай айыру және өткізу, қабат қысымын ұстау, пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау, жөндеу цехынан құрылған 6 команда қатысты.

Білімділер сайысы мұнайшылардың ойлау қабілетін дамытып, ізденіске дағдыландыру, сонымен қатар ұжым арасындағы ынтымақты арттырып, бірігуге үндейді.

Зияткерлік ойын алты тұрға есептелген. Әрқайсысында бес сұрақтан

түрлі Қазақстан тарихы, спорт, кино, логика және т.б. тақырыптар қамтылды.

Жетібайдың мұнайшылары жоғары білім деңгейімен ерекшеленді. Командалар әр ұпай үшін бәсекелесіп, сайыс көрігін қыздыра түсті. Нәтижесінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерді қосымша




раундта анықтауға тура келді.

Осылайша, ең үздік команда атағы №3 мұнай және газ өндіру цехының зияткерлеріне берілсе, жүлделі 2-орынды пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау, жөндеу цехының мұнайшылары иеленді. Мұнай айыру және өткізу цехының қызметкерлері жеңіс тұғырының үшінші сатысына тұрақтады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар, ақшалай сертификаттар және кітаптар жиынтығы табысталды.

Зияткерлік сайысқа қатысушылар мұндай ойындар білім қорын толықтырып, логикалық ойлауды дамытуға сеп болатынын, сонымен қатар ұжымды біріктіруге, пікірлерді табуға, команда мүддесі үшін намысқа тырысуға ықпал ететінін атап өтті.

Сайыс соңында мұнайшылар алдағы уақытта да білімділер жарысының тұрақты өтуіне тілектестік танытып, ойын алаңына қосылатын өзге де цехтардың қатысушыларын күтетінін жасырмады.



Мұнайлы Олке

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күзегі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000